

Э
Г
В
Л
Л
И
И
И
И
И

ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

«Бала үшін ең игі тәрбие - ана махаббаты.

Ата-ана үшін ең маңызды мәселе - бала тәрбиесі».

Масару Ибука

«Сырттай балабақша» әлеуметтік-педагогикалық жобасы бойынша жұмысымызды 2016-2019 жылдар аралығында бөбекжайымызда өз жұмысымызды аткарып келдік. Осы жобаны енгізу барысында бөбекжайда Кеңес беру орталығы ашылды. Жоба мектепке дейінгі мекемеге әлі бармайтын балалардың ата-аналарымен жұмысқа бағытталды. Жобаның мақсаты:

- мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру мәселелері бойынша тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін ата-аналарына педагогика-психологиялық көмек көрсету;

- мектеп жасына дейінгі балаларға дербес нәтижеге бағытталған педагогика-психологиялық көмекті жүзеге асыру;

- ата-аналарға педагогикалық білімін арттыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру;

- отбасы тәрбиесінің алдыңғы қатарлы тәжірибесін насихаттау.

Кеңес беру орталығында ата-аналарға баланы ерте жастан тәрбиелеу, оқыту және жан-жақты дамыту бойынша теориялық білімдер, практикалық дағдылар және кенестік көмек беру ұсынылады. Кеңес беру орталығында мамандандырылған көмекті бөбекжай директоры, әдіскер, ән-күй жетекшісі, педагог-психолог, ағылшын және орыс тілдері мамандары, топ тәрбиешілері, медбике ұсынады.

Осы 3 жыл аралықта «Балақай» бөбек-жайы жоспарға сай, ата-ана кішкентай бүлдіршіндерімен көптеген іс-шаралар өткізді. «Сырттай балабақша» жобасы аясында ата-аналарға

жобаның мақсаты жайлы толық түсіндіріп, мекеменің күн тәртібі, баланың тазалығы мен жеке гигиенасы және жалпы бейімделу туралы ақпараттар берілді. Ал, балаларды ерте жастан жан-жақты дамыту бойынша педагог-тәрбиешілер Г.И.Исиркова, А.Ч.Месерова, Қ.К.Кузембаев, А.К.Зулхарнай тәжірибелерімен бөлісіп, ата-аналарға қол астындағы заттардан дамытқыш ойындарды, дидактикалық ойындарды жасауды көрсетіп, құм терапиясы, ертегі терапиясы, музыка терапиясымен ата-аналар мен кішкентай бүлдіршіндерді таныстырды.

«Сырттай балабақша» жобасы арқылы



«Ерте жастағы балаларды дамыту үшін түрлі әдіс - тәсілдерді үй жағдайында қолдануды насихаттау» атты семинар өткізілді.

«Сырттай балабақша» жобасы өз мерзімінде өтіп, жоғарға деңгей көрсеткіштерге ие болды. Жобаға қатысқан ата-аналардың көңілінен шықты.

**Г.И.Исиркова, Қ.К.Кузембаев,
А.К.Зулхарнай,**

**«Приозерск қаласының «Балақай»
бөбекжайы» КМҚК-ның
тәрбиешілері**